ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЭКСТРУЗИЯЛАНҒАН ОҚШАУЛАУЫ БАР КҮШТІК КАБЕЛЬДЕР ЖӘНЕ 1 кВ-ТАН (UM=1, 2кВ) 30 кВ (UM=36кВ) ДЕЙІНГІ НОМИНАЛ КЕРНЕУГЕ АРНАЛҒАН КАБЕЛЬ АРҚАУЫ

1-бөлім

1 кВ (Um=1, 2кВ) және 3 кВ (Um=3, 6кВ) номинал кернеуіне арналған кабельдер

КАБЕЛИ СИЛОВЫЕ С ЭКСТРУДИРОВАННОЙ ИЗОЛЯЦИЕЙ И КАБЕЛЬНАЯ АРМАТУРА НА НОМИНАЛЬНОЕ НАПРЯЖЕНИЕ ОТ 1 кВ (Um=1,2 кВ) ДО 30 кВ (Um=36 кВ)

Часть 1

Кабели на номинальное напряжение 1 кВ (Um=1,2 кВ) и 3 кВ (Um=3,6 кВ)

ҚР СТ IEC 60502-1-2012

(IEC 60502-1:2009 «Power cables with extruded insulation and their accessories for rated voltages from 1 kV (U_m=1,2 kV) up to 30 kV (U_m=36 kV) Part 1: Cables for rated voltages of 1 kV (U_m=1,2 kV) and 3 kV (U_m=3,6 kV)», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЭКСТРУЗИЯЛАНҒАН ОҚШАУЛАУЫ БАР КҮШТІК КАБЕЛЬДЕР ЖӘНЕ 1 кВ-ТАН (UM=1, 2кВ) 30 кВ (UM=36кВ) ДЕЙІНГІ НОМИНАЛ КЕРНЕУГЕ АРНАЛҒАН КАБЕЛЬ АРҚАУЫ

1-бөлім

1 кВ (Um=1, 2кВ) және 3 кВ (Um=3, 6кВ) номинал кернеуіне арналған кабельдер

ҚР СТ IEC 60502-1-2012

(IEC 60502-1:2009 «Power cables with extruded insulation and their accessories for rated voltages from 1 kV (U_m=1,2 kV) up to 30 kV (U_m=36 kV) Part 1: Cables for rated voltages of 1 kV (U_m=1,2 kV) and 3 kV (U_m=3,6 kV)», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және № 70 «Ресурс үнемдеуді стандарттау» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2012 жылғы 19 қарашадағы № 547-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт IEC 60502-1-2009 «Power cables with extruded insulation and their accessories for rated voltages from 1 kV (U_m=1,2 kV) up to 30 kV (U_m=36 kV) – Part 1: Cables for rated voltages of 1 kV (U_m=1,2 kV) and 3 kV (U_m=3,6 kV)» (Экструзияланған оқшаулауы бар күштік кабельдер және 1 кВ-тан (Um=1, 2кВ) 30 кВ (Um=36кВ) дейінгі номинал кернеуге арналған кабель арқауы. 1-бөлім. 1 кВ (Um=1, 2кВ) және 3 кВ (Um=3, 6кВ) номинал кернеуіне арналған кабельдер) халықаралық стандартымен бірдей.

Халықаралық стандартты IEC 20 «Электр кабельдері» техникалық комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен (en) аударылды.

Негізінде осы ұлттық стандарт дайындалған және оларға сілтемелер берілген халықаралық стандарттардың ресми даналары Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Ресми нұсқасы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтін болып табылады.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2017 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Кернеудің белгіленуі және материалдары	4
5	Сым	6
6	Оқшаулау	6
7	Көп тінді кабельдердің жинағы, ішкі қорғаныш жабындары және толтырғыштар	7
8	Бір тінді және көп тінді кабельдерге арналған металл қабаттар	9
9	Металл экран	9
10	Шоғырланған өткізгіш	10
11	Металл қаптама	10
12	Металл сауыт	10
13	Сыртқы қаптама	13
14	Сынау шарттары	14
15	Стандартты сынақтар	14
16	Үлгілердегі сынақтар	15
17	Типтік сынақтар, электрлік	18
18	Типтік сынақтар, электрлік емес	31
19	Орнатудан кейін өткізілетін электр сынағы	32
(ақпараттық) Қорғау жабындарының өлшемдерін анықтауға арналған шартты есептеу әдісі		37
В қосымшасы (ақпараттық) Сандарды дөңгелектеу		38
С қосымшасы (ақпараттық) HEPR оқшаулау қаттылығын анықтау		40
(ақпараттық) Ұлттық стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға (халықаралық құжаттарға) сәйкестігі туралы мәліметтер		44

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЭКСТРУЗИЯЛАНҒАН ОҚШАУЛАУЫ БАР КҮШТІК КАБЕЛЬДЕР ЖӘНЕ 1 кВ-ТАН (UM=1, 2кВ) 30 кВ (UM=36кВ) ДЕЙІНГІ НОМИНАЛ КЕРНЕУГЕ АРНАЛҒАН КАБЕЛЬ АРҚАУЫ

1-бөлім
1 кВ (Um=1, 2кВ) және 3 кВ (Um=3, 6кВ) номинал кернеуіне арналған кабельдер

Енгізілген күні 2014-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандартта тарату желілері немесе өнеркәсіптік қондырғылар сияқты стационарлық жабдықтар үшін 1 кВ (U_m=1,2 кВ) және 3 кВ (U_m=3,6 кВ) номинал кернеуіне арналған экструзияланған оқшаулаулы күштік кабельдерді сынауға, құрастырылымға және өлшемдерге қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы стандарт от әсерімен жалынның төмен таралуы, түтіннің төмен деңгейде бөлінуі және газдың галогенсіз бөлінуі қасиеттеріне ие кабельдерге таралады.

Осы стандарт қондырғының ерекше жағдайларына және, мысалы, әуе желісі кабельдеріне (электр беру және т.б.), тау-кен өндіру өнеркәсібіне, атом электр стансаларына (оқшаулау аймағында және оның айналасында), су астында пайдалануға немесе теңіз кемесі бортында қолдануға қызмет етуге арналған кабельдерге қолданылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың көрсетілген басылымы ғана қолданылады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады.

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Халықаралық, өңірлік және шет мемлекеттердің ұлттық стандарттарды, басқа да стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды Қазақстан Республикасында қолдану тәртібі.

ISO 48:1994* Rubber, vulcanized or thermoplastic - Determination of hardness (hardness between 10 IRHD and 100 IRHD) (Вулкандалған немесе термопластик резеңке. Қаттылықты анықтау (10 және 100 IRHD арасында шектердегі қаттылық)).

IEC 60038:1983* IEC standard voltages (IEC стандартталған кернеу).

IEC 60060-1:1989* High-voltage test techniques - Part 1: General definitions and test requirements (Жоғары вольтті кернеуге арналған сынау тәсілі. 1-бөлім. Жалпы анықтамалар және сынауға қойылатын талаптар).

IEC 60183:1984* Guide to the selection of high-voltage cables (Жоғары вольтті кабельдерді іріктеу жөніндегі нұсқау).

IEC 60228:1978* Conductors of insulated cables (Оқшаулау кабельдерінің өткізгіштері).

IEC 60230:1966* Impulse tests on cables and their accessories (Кабельдерде және кабель арқауында өткізілген импульсті сынақтар).

IEC 60332-1:1993* Tests on electric cables under fire conditions - Part 1: Test on a single

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады.

vertical insulated wire or cable (Өрт жағдайында электр кабельдерінде өткізілетін сынақтар. 1-бөлім. Жеке тік оқшаулау сымында немесе кабелінде жасалатын сынақ).

IEC 60332-3-24:2000* Tests on electric cables under fire conditions - Part 3-24: Test for vertical flame spread of vertically-mounted bunched wires or cables - Category C (Өрт жағдайында электр кабельдерінде өткізілетін сынақтар. 3-24 бөлімі. Сымдардың немесе кабельдердің тік-орнату бумаларының тік жанып тарауына жасалатын сынақтар. С санаты).

IEC 60502-2:1997* Power cables with extruded insulation and their accessories for rated voltages from 1 kV (Um = 1,2 kV) up to 30 kV (Um = 36 kV) - Part 2: Cables for rated voltages from 6 kV (Um = 7,2 kV) up to 30 kV (Um = 36 kV) (Экструдициялы күштік кабельдер және 1 кв (U_m=1,2 кВ)-тан 30 кВ (U_m=36 кВ) дейінгі номинал кернеуге арналған кабель арқауы. 2-бөлім. 6 кВ (U_m=7,2 кВ)-тан 30 кВ (U_m=36 кВ)) дейінгі номинал кернеуге арналған кабельдер).

IEC 60684-2:1987* Flexible insulating sleeving - Part 2: Methods of test (Иілгіш оқшаулау түтігі. 2-бөлім. Сынау әдістері).

IEC 60724:2000* Short-circuit temperature limits of electric cables with rated voltages of 1 kV (Um = 1,2 kV) and 3 kV (Um = 3,6 kV) (Номинал кернеуі 1 кВ (U_m=1,2 кВ) және 3 кВ (U_m=3,6 кВ) болатын электр кабельдерінің қысқа тұйықталуының температуралық шектері).

IEC 60754-1:1994* Test on gases evolved during combustion of materials from cables - Part 1: Determination of the amount of halogen gas (Кабель материалы жанған уақытта бөлінетін газдар бойынша сынақтар. 1-бөлім. Газ тәрізді галогеннің мөлшерін анықтау).

IEC 60754-2:1991* Test on gases evolved during combustion of electric cables - Part 2: Determination of degree of acidity of gases evolved during the combustion of materials taken from electric cables by measuring pH and conductivity (Кабель материалы жанған уақытта бөлінетін газдар бойынша сынақтар. 2-бөлім. pH және электр өткізгіштікті өлшеу арқылы электр кабельдерінен алынған материалдар жанған уақытта бөлінетін газдардың белсенділігі дәрежесін анықтау).

IEC 60811-1-1:1993* Common test methods for insulating and sheathing materials of electric cables - Part 1: Methods for general application - Section 1: Measurement of thickness and overall dimensions - Tests for determining the mechanical properties (Электр кабельдерінің оқшаулары мен қаптамаларына арналған материалдарды жалпы сынау әдістері. 1-бөлім. Жалпы қолданылатын әдістер. 1-тарау. Қалыңдықты өлшеу және габариттік өлшемдер. Механикалық қасиеттерді анықтауға арналған сынақтар).

IEC 60811-1-2:1985* Common test methods for insulating and sheathing materials of electric cables - Part 1: Methods for general application - Section 2: Thermal ageing methods (Электр кабельдерінің оқшаулары мен қаптамаларына арналған материалдарды жалпы сынау әдістері. 1-бөлім. Жалпы қолданылатын әдістер. 2-тарау. Термиялық тозу әдістері).

IEC 60811-1-3:1993* Common test methods for insulating and sheathing materials of electric cables - Part 1: Methods for general application - Section 3: Methods for determining the density - Water absorption tests - Shrinkage test (Электр кабельдерінің оқшаулары мен қаптамаларына арналған материалдарды жалпы сынау әдістері. 1-бөлім. Жалпы қолданылатын әдістер. 3-тарау. Тығыздықты анықтау әдістері. Су сіңірілуге жасалатын сынақтар. Отыруды сынау).

IEC 60811-1-4:1985* Common test methods for insulating and sheathing materials of electric cables - Part 1: Methods for general application - Section 4: Tests at low temperature (Электр кабельдерінің оқшаулары мен қаптамаларына арналған материалдарды жалпы сынау әдістері. 1-бөлім. Жалпы қолданылатын әдістер. 4-тарау. Төмен температурада сынау).

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады.

IEC 60811-2-1:1998* Insulating and sheathing materials of electric and optical cables - Common test methods - Part 2-1: Methods specific to elastomeric compounds – Ozone resistance, hot set and mineral oil immersion tests (Электр және оптикалық кабельдерге арналған оқшаулау және тоқыма материалдар. Жалпы сынау әдістері. 2-1 бөлімі. Эластомер компаундтарға тән әдістер. Ыстық пеште қыздыру кезінде созуға және минерал майға батыруға жасалатын, озонға тұрақтылығын сынау).

IEC 60811-3-1:1985* Common test methods for insulating and sheathing materials of electric cables - Part 3: Methods specific to PVC compounds - Section 1: Pressure test at high temperature - Tests for resistance to cracking (Электр кабельдерінің оқшаулау материалдарына және қаптамасының материалдарына арналған жалпы сынау әдістері. 3-бөлім. Поливинилхлорид қосылыстарына (PVC) тән әдістер. 1-тарау. Жоғары температурада қысыммен сынау. Шытынауға төзімділігін анықтауға арналған сынақтар).

IEC 60811-3-2:1985* Common test methods for insulating and sheathing materials of electric cables - Part 3: Methods specific to PVC compounds - Section 2: Loss of mass test - Thermal stability test (Электр кабельдерінің оқшаулау материалдарына және қаптамасының материалдарына арналған жалпы сынау әдістері. 3-бөлім. Поливинилхлорид қосылыстарына (PVC) тән әдістер. 2-тарау. Масса шығынын анықтауға арналған сынақ. Термиялық тұрақтылықты сынау).

IEC 60811-4-1:1985* Common test methods for insulating and sheathing materials of electric cables - Part 4: Methods specific to polyethylene and polypropylene compounds - Section 1: Resistance to environmental stress cracking - Wrapping test after thermal ageing in air - Measurement of the melt flow index - Carbon black and/or mineral content measurement in PE (Электр кабельдерінің оқшаулау материалдарына және қаптамасының материалдарына арналған жалпы сынау әдістері. 4-бөлім. Полиэтилен мен полипропилен қосылыстарына тән дістер. 1-тарау. Қоршаған орта әсерімен шытынауға төзімділік. Ауада термиялық тозғаннан кейін иілуге сынау. Балқыманың аққыштық индексін анықтау. PE-дегі ыстың және/немесе минералдардың мөлшерін анықтау).

IEC 61034-2: 1997* Measurement of smoke density of cables burning under defined conditions - Part 2: Test procedure and requirements (Белгілі бір жағдайларда жанатын кабельдердің түтіні тығыздығын анықтау. 2-бөлім. Сынау әдістемесі мен талаптары).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Өлшемді мәндерді анықтау (қалыңдық, көлденең қималар және т.б.)**

3.1.1 **Номинал мән** (nominal value): Кестелерде жиі пайдаланылатын, мөлшер білінетін мән.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта номинал мәндер берілген шақтамаларды есепке қабылдайтын өлшеулер арқылы тексерілуге тиісті мәндерді білдіреді.

3.1.2 **Жақын мән** (approximate value): Кепілдік берілмейтін әрі тексерілмейтін, бірақ, мысалы басқа өлшем мәндерін есептеу үшін пайдаланылатын мән.

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады.

3.1.3 **Медиана мән** (median value): Егер саны тақ болса, не қатардың ортасында тұрған екі мәннің орташа арифметикалық мәні болып табылса, егер сынақтардың нәтижелерінің саны жұп болса, сандық мәндердің өсу не кему тәртібімен орналасқан сынақ нәтижелерінің қатарының ортасындағы параметрдің мәні.

3.1.4 **Жалған мән** (fictitious value): А қосымшасында сипатталған «шартты (жалған) әдіске сәйкес» есептелген мән.

3.2 **Сынақтарға жататын анықтамалар**

3.2.1 **Стандартты сынақтар** (routine tests): Белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін кабельдің әрбір құрылыс ұзындығында дайындаушы жүзеге асыратын сынақтар.

3.2.2 **Үлгілермен жасалатын сынақтар** (sample tests): Дайын өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеретіндей тәсілмен, дайын кабель үлгілеріне немесе кабель элементтеріне белгіленген кезеңділікпен дайындаушы жүзеге асыратын сынақтар.

3.2.3 **Типтік сынақтар** (type tests): Арналымы бойынша пайдалану кезінде кабельдің қанағаттанарлық пайдалану сипаттамаларын растау мақсатында осы стандарт таралатын кабель типінің жалпы коммерциялық негізінде жеткізуге дейін жүзеге асырылатын сынақтар.

ЕСКЕРТПЕ Бұл сынақтар осындай, егер пайдалану сипаттамаларын өзгертетін кабельдердің материалдары ғана, құрастырылым немесе технологиялық процесс өзгермесе, оларды өткізгеннен кейін қайтадан қайталаудың қажеті жоқ.

3.2.4 **Құрастырғаннан кейін электр сынау** (electrical tests after installation): Құрастырған сәттегі жай-күйі бойынша кабельдің мен оның арқауының бүтіндігі растау мақсатында өткізілетін сынақтар.

4 Кернеудің белгіленуі және материалдары

4.1 Номинал кернеулер

Кабельдердің осы стандартта қарастырылған U_0/U (U_m) номинал кернеулері 0,6/1 (1,2) кВ және 1,8/3 (3,6) кВ құрайды.

1-ЕСКЕРТПЕ Кейбір елдерде басқа белгіленулер, мысалы, 1,8/3 кВ орнына 1,7/3 кВ немесе 1,9/3,3 кВ пайдаланылатынына қарамастан, жоғарыда берілген кернеулер дұрыс белгіленулер болып табылады.

U_0/U (U_m) кабельдердің кернеуін белгілеу кезінде:

- кабель жобаланатын, сым мен жер немесе металл экран арасындағы номинал қуат жиілігінің U_0 кернеуі;
- кабель жобаланатын, сымдар арасындағы номинал қуат жиілігінің U кернеуі;
- U_m жабдық пайдаланылатын, «жүйенің ең жоғары кернеуінің» ең жоғары мәні (IEC 60038 қараңыз).

Берілген қолданыс үшін кабельдің номинал кернеуі кабель пайдаланылатын жүйенің жұмыс жағдайларына сәйкес келуге тиіс.

Кабельді, жүйені таңдауды жеңілдету үшін үш санатқа бөлінеді:

- А санаты: осы санатқа жүйелер кіреді, олардың ішінде фазалық сым жермен немесе жерге қосатын өткізгішпен байланысқа түседі, жүйеден 1 мин ішінде ажыратады;
- В санаты: осы санатқа істен шыққан жағдайда бір жерге қосылған фазалы қысқа уақыт ішінде жұмыс істейтін жүйелер кіреді. Осы кезең, IEC 60183-ке сәйкес, 1 сағаттан аспауға тиіс. Осы стандарт таралатын кабельдер үшін кез келген жағдай бойынша 8 сағ аспайтын барынша ұзақ кезеңге жол беріледі. Жерге тұйықталудың жалпы ұзақтығы кез келген жылы 125 сағ аспауға тиіс;
- С санаты: осы санатқа А және В санатына түсетін жүйелер кіреді.

2-ЕСКЕРТПЕ Жерге тұйықталу автоматты түрде тез оқшауланбайтын жүйеде кабель оқшаулауындағы экстра кернеу жерге тұйықталу уақытында кейбір дәрежеге дейін кабельдердің қызмет ету мерзімін азайтады. Егер жүйе жерге үнемі тұйықталуымен салыстырмалы жиі түрде жұмыс істейді деп болжанса, жүйені С санатына жатқызуды ұсынуға болады.

Үш фазалы жүйелерде пайдалануға арналған кабельдер үшін ұсынылатын U_0 мәндері 1-кестедегі тізімде берілген.

1-кесте – Ұсынылған U_0 номинал кернеуі

Жүйенің ең жоғары кернеуі (U_m) кВ	**Номинал кернеу** (U_0) кВ	
	А және В санаттары	**С санаты**
1,2	0,6	0,6
3,6	1,8	3,6*
* Осы санатқа IEC 60502-2-ге сәйкес 3,6/6 (7,2) кВ кабельдері кіреді.		

4.2 Оқшаулау компаундтары

Қысқартылған белгіленулердің орнына оқшаулау компаундтарының типтері 2-кестеде берілген.

2-кесте – Оқшаулау компаундтары

Оқшаулау компаунды	**Қысқартылған белгілену**
a) Термопластик $U_0/U \leq 1,8/3$ кВ номинал кернеулі кабельдерге арналған поливинилхлорид	PVC/A*
b) Торлы: Этиленпропилен каучук немесе оның аналогы (EPM немесе EPDM) Жоғары модульді немесе қатты этиленпропилен каучук Торлы полиэтилен	 EPR HEPR XLPE
* U_0/U = 3,6/6 кВ номинал кернеулі кабельдерге арналған поливинилхлорид негізгі оқшаулаулы компаунд IEC 60502-2 бойынша PVC/B белгіленеді.	

Оқшаулаулы компаундтардың әртүрлі түрлері үшін сымның ең жоғары температурасы 3-кестеде берілген.

3-кестеде берілген температуралар оқшаулаулы компаундтардың жеке қасиеттеріне негізделеді. Номинал токтарды есептеу үшін осы мәндерді пайдалану кезінде басқа факторларды ескеру маңызды.

Мысалы, қалыпты жұмыс кезінде, егер кабель тікелей жерге батырылса, сымның кестеде берілген ең жоғары температурада тұрақты жүктемеде (100 % жүктеме коэффициенті) жұмыс істейді, уақыт өтуіне қарай кабельді қоршайтын топырақтың термиялық кедергісікебу процесі нәтижесінде өзінің бастапқы мәнінен өседі. Оның салдарынан сым температурасы айтарлықтай дәрежеде ең жоғары мәннен асады, егер көрсетілген жұмыс шарттары байқалса, онда тиісті шараларды қабылдау қажет.

3-кесте – Оқшаулаулы компаундтардың әртүрлі түрлері үшін сымдардың ең жоғары температуралары

Оқшаулаулы компаунд		**Сымның ең жоғары температурасы, °С**	
		Қалыпты жұмыс	**Қысқа тұйықталу (ең көп ұзаққа созылу 5 с)**
Поливинилхлорид	(PVC/A)		
	Сымның көлденең қимасы ≤ 300 мм^2	70	160
	Сымның көлденең қимасы > 300 мм^2	70	140
Торлы полиэтилен	(XLPE)	90	250
Этиленпропилен каучук	(EPR және HEPR)	90	250

Қысқа тұйықталу температуралары бойынша нұсқау ретінде IEC 60724-ке сілтеме жасау қажет.

4.3 Электр оқшаулау қоспалары (қаптамаларға арналған компаундтар)

Электр оқшаулау қоспаларының әртүрлі түрлері үшін сымдардың барынша жоғары температурасы 4-кестеде берілген.

4-кесте – Электр оқшаулау қоспаларының әртүрлі түрлері үшін сымдардың ең жоғары температуралары

Қаптамаларға арналған компаунд	Қысқартылған белгілену	Қалыпты жұмыс кезінде сымның ең жоғары температурасы °С
а) Термопластик:		
Поливинилхлорид (PVC)	ST_1	80
	ST_2	90
Полиэтилен	ST_3	80
Галогенсіз	ST_7	90
b) Эластомерлік:	ST_8	90
Полихлоропрен, сульфохлорланған полиэтилен немесе ұқсас полимерлер	SE_1	85

5 Сым

Сым қарапайым немесе металмен қапталған күйдірілген мыстың немесе қарапайым алюминийдің не алюминий қорытпасының не 1-класына, не 2-класына, не IEC 60228-ге сәйкес қарапайым немесе металмен қапталған мыстың 5-класына жатқызылуға тиіс.

6 Оқшаулау

6.1 Материал

Оқшаулау 2-кестеде аталған мынадай типтердің бірінің экструзияланған диэлектрикті білдіруге тиіс.

Галогенсіз кабельдерге қатысты оқшаулау 23-кестеде берілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6.2 Оқшаулау қалыңдығы

Оқшаулаудың номинал қалыңдығы 5 – 7-ші кестелерде берілген.

Қандай да бір бөлгіштің қалыңдығы оқшаулау қалыңдығына кірмеуге тиіс.

5-кесте – PVC/A оқшаулаудың номинал қалыңдығы

Көлденең қиманың номинал ауданы мм^2	U_0/U (U_m) номинал кернеу кезіндегі оқшаулаудың номинал қалыңдығы	
	0,6/1 (1,2) кВ мм	1,8/3 (3,6) кВ мм
1,5 және 2,5	0,8	-
4 және 6	1,0	-
10 және 16	1,0	2,2
25 және 35	1,2	2,2
50 және 70	1,4	2,2
95 және 120	1,6	2,2
150	1,8	2,2
185	2,0	2,2
240	2,2	2,2
300	2,4	2,4
400	2,6	2,6
500-ден 800 дейін	2,8	2,8
1000	3,0	3,0
ЕСКЕРТПЕ Осы кестеде берілген көлденең қималы мәннен кем қандай да бір сымның көлденең қимасы ұсынылмайды.		

6-кесте – (XLPE) торлы полиэтиленнен оқшаулаудың номинал қалыңдығы

Көлденең қиманың номинал ауданы мм^2	U_0/U (U_m) номинал кернеуі кезінде оқшаулаудың номинал қалыңдығы	
	0,6/1 (1,2) кВ мм	1,8/3 (3,6) кВ мм
1,5 және 2,5	0,7	-
4 және 6	0,7	-
10 және 16	0,7	2,0
25 және 35	0,9	2,0
50	1,0	2,0
70 және 95	1,1	2,0
120	1,2	2,0
150	1,4	2,0
185	1,6	2,0
240	1,7	2,0
300	1,8	2,0
400	2,0	2,0
500	2,2	2,2
630	2,4	2,4
800	2,6	2,6
1000	2,8	2,8

ЕСКЕРТПЕ Осы кестеде берілген көлденең қималы мәннен кем қандай да бір сымның көлденең қимасы ұсынылмайды.

7-кестесі – (EPR) этиленпропилен каучуктан және (HEPR) қатты этиленпропилен каучуктан жасалған оқшаулаудың номинал қалыңдығы

Көлденең қиманың номинал ауданы мм^2	**U_0/U (U_m) номинал кернеуі кезінде оқшаулаудың номинал қалыңдығы**			
	0,6/1 (1,2) кВ		**1,8/3 (3,6) кВ**	
	EPR мм	**HEPR мм**	**EPR мм**	**HEPR мм**
1,5 және 2,5	1,0	0,7	-	-
4 және 6	1,0	0,7	-	-
10 және 16	1,0	0,7	2,2	2,0
25 және 35	1,2	0,9	2,2	2,0
50	1,4	1,0	2,2	2,0
70	1,4	1,1	2,2	2,0
95	1,6	1,1	2,4	2,0
120	1,6	1,2	2,4	2,0
150	1,8	1,4	2,4	2,0
185	2,0	1,6	2,4	2,0
240	2,2	1,7	2,4	2,0
300	2,4	1,8	2,4	2,0
400	2,6	2,0	2,6	2,0
500	2,8	2,2	2,8	2,2
630	2,8	2,4	2,8	2,4
800	2,8	2,6	2,8	2,6
1000	3,0	2,8	3,0	2,8

ЕСКЕРТПЕ Осы кестеде берілген көлденең қималы мәннен кем қандай да бір сымның көлденең қимасы ұсынылмайды.

7 Көп тінді кабельдердің жинағы, ішкі қорғаныш жабындары және толтырғыштар

Көп тінді кабельдердің жинағы номинал кернеуге және металл қабат әрбір тінге қолданылатынына байланысты.

7.1-7.3 ішкі тараулары қаптамалы бір тінді кабельдердің жинақтарына

қолданылмайды.

7.1 Ішкі қорғаныш жабындары және толтырғыштар

7.1.1 Құрастырылым

Ішкі қорғаныш жабындары экструдацияланады немесе айқас оралады.

Бесеуден артық тіні бар кабельдерден өзге, дөңгелек жүрекшелі кабельдер үшін, айқас оралған ішкі қорғаныш жабындары, егер тіндер арасындағы қуыстар айтарлықтай дәрежеде толтырылса, шешілуге тиіс.

Экструзияланған ішкі қорғаныш жабынын қолданар алдында сәйкес келетін байланыстырушы шешіледі.

7.1.2 Материал

Ішкі қорғаныш жабындары мен толтырғыштары үшін пайдаланылатын материалдар кабельдің жұмыс температурасы үшін жарамды және оқшаулау материалымен үйлесуге тиіс.

Галогенсіз кабельдерге қатысты ішкі қорғаныш жабыны мен толтырғыштар 23-кестеде берілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

7.1.3 Экструзияланған қорғаныш жабынының қалыңдығы

Экструзияланған ішкі жабындардың шамамен алынған қалыңдығы 8-кестеге сәйкес келуге тиіс.

8-кесте – Экструзияланған ішкі қорғаныш жабынының қалыңдығы

Салынған тіндер бойынша шартты диаметр		Экструзияланған ішкі қорғаныш жабынының қалыңдығы (шамамен алынған мәндер) мм
мм артық	мм дейін қоса алғанда	
-	25	1,0
25	35	1,2
35	45	1,4
45	60	1,6
60	80	1,8
80	-	2,0

7.1.4 Айқас оралған ішкі қорғаныш жабындарының қалыңдығы

Айқас оралған ішкі қорғаныш жабындарының шамамен алынған қалыңдығы қоса алғанда 40 мм дейін салынған тіндер бойынша шартты диаметрлер үшін 0,4 мм және үлкен диаметрлер үшін 0,6 мм құрауға тиіс.

7.2 0,6/1(1,2) кВ номинал кернеулі кабельдер

Қоршаған тін жиынтығымен, 0,6/1(1,2) кВ номинал кернеулі кабельдерде металл қабат болуға тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Металл қабаты бар кабельдер мен қабат жоқ кабельдер арасындағы таңдау механикалық зақымдалу немесе тікелей электр байланысы себебінен ықтимал қауіпсіздіктердің алдын алу мақсатында қолданыстағы нормативтер мен қондырғы жөніндегі талаптарға байланысты.

7.2.1 Жиынтық металл қабаты бар кабельдер (8-тарауды қараңыз)

Кабельдерде салынған тіндері бойынша ішкі қорғаныш жабыны болуға тиіс.ішкі қорғаныш жабыны мен толтырғыштар 7.1-ге сәйкес келуге тиіс.

Әрбір таспаның номинал қалыңдығы 0,3 мм аспайтын және дайын кабель 18.17 бойынша иілуге арнайы сынауға сәйкес келетін жағдайда, ішкі қорғаныш жабынын қоспағанда, металл таспалар, дегенмен, тікелей жиналған тіндер бойынша қолданылады.

7.2.2 Жиынтық металл қабаты жоқ кабельдер (8-тарауды қараңыз)

Кабельдің сыртқы пішіні шындығында дөңгелек болып қалатын және тіндер мен

қаптама арасы жабыспайтын жағдайда, ішкі қорғаныш жабынын өткізуге болады.

10 мм^2 аспайтын дөңгелек тін үстінде термопластик сыртқы қаптамалар болатын жағдайды қоспағанда, қорғаныш жабыны тін қуысына сіңіп өтуге тиіс.

Бірақ, егер ішкі қорғаныш жабынын қолданса, оның қалыңдығының 7.1.3 немесе 7.1.4-ке сәйкес келуінде қажеттілік жоқ.

7.3 1,8/3 (3,6) кВ номинал кернеулі кабельдер

1,8/3 (3,6) кВ номинал кернеулі кабельдерде не бірге, не жеке-жеке тіндерді қаптап тұратын металл қабат болуға тиіс.

7.3.1 Тек жиынтық металл қабаты бар кабельдер (8-тарауды қараңыз)

Кабельдерде салынған тіндердің үстінде ішкі қорғаныш қабаты болуға тиіс. Ішкі қорғаныш жабыны мен толтырғыштар 7.1-ге сәйкес келуге тиіс және бейгигроскопиялық болуға тиіс.

7.3.2 Әрбір жеке тіннің үстінде металл қабаты болатын кабельдер (8-тарауды қараңыз)

Жеке тіндердің металл қабаттары бір-біріне тиіп тұрмауға тиіс.

Төменде жатқан жеке металл қабаттар сияқты материалдан жасалған қосымша жиынтық металл қабаты бар кабельдерде (8-тарауды қараңыз) салынған тін үстінде ішкі қорғаныш жабыны болуға тиіс. Ішкі қорғаныш жабыны және толтырғыштар 7.1-ге сәйкес келуге және бейгигроскопиялық болуға тиіс.

Төменде жатқан жеке металл қабаттар мен жиынтық металл қабат әртүрлі материалдардан жасалған кезде, олар 13.2-ге сәйкес материалдардың бірінен экструзияланған қаптамамен бөлінуге тиіс. Қорғасын қаптамалы кабельдерге қатысты төмен жатқан жеке металл қабаттардан бөліну 7.1-ге сәйкес ішкі қорғаныш жабыны арқылы қол жеткізіледі.

Не сауыт, не шоғырланған өткізгіш, не қандай да бір басқа жиынтық металл қабат жоқ кабельдерге қатысты (8-тарауды қараңыз), кабельдің сыртқы пішіні негізі дөңгелек болып қалатын жағдайда, ішкі қорғаныш жабынымен қорғауға болады. 10 мм^2 аспайтын дөңгелек тін үстінде термопластик сыртқы қаптамалар болатын жағдайды қоспағанда, қорғаныш жабыны тін қуысына сіңіп өтуге тиіс. Егер, дегенмен, ішкі қорғаныш жабыны қолданылса, оның қалыңдығының 7.1.3 немесе 7.1.4-ке сәйкес келуі қажет емес.

8 Бір тінді және көп тінді кабельдерге арналған металл қабаттар

Осы стандартқа металл қабаттардың мынадай типтері енгізілген:

a) металл экран (9-тарауды қараңыз);

b) шоғырланған өткізгіш (10-тарауды қараңыз);

c) қорғасын қаптама (11-тарауды қараңыз);

d) металл сауыт (12-тарауды қараңыз).

Металл қабатқа (-тарға) жоғарыда аталған бір немесе бірнеше типтер кіруге тиіс және не бір тінді кабельдерге, не көп тінді кабельдердің жеке тіндеріне қолдану кезінде беймагниттік болуға тиіс.

9 Металл экран

9.1 Құрастырылым

Металл экран бір не бірнеше таспадан немесе бумалардан не сым бұрамаларынан, немесе сым мен таспа жиынтығынан тұруға тиіс.

Ол сондай-ақ қаптаманы немесе жалпы экран болған жағдайда, 9.2-ге сәйкес келуге тиісті сауытты бірдіреді.

Экран материалын таңдау кезінде тек механикалық қауіпсіздік мақсатында емес,

сондай-ақ электр қауіпсіздігі мақсатында жемірілу мүмкіндігіне ерекше назар аудару керек.

Экрандағы саңылаулар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

9.2 Талаптар

Металл экранның өлшемдік, физикалық және электр талаптары қолданыстағы нормативтік құжаттармен анықталуға тиіс.

10 Шоғырланған өткізгіш

10.1 Құрастырылым

Шоғырланған өткізгіштегі саңылаулар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

Шоғырланған сым материалын таңдау кезінде тек механикалық қауіпсіздік мақсатында емес, сондай-ақ электр қауіпсіздігі мақсатында жемірілудің пайда болу мүмкіндігіне ерекше назар аудару керек.

10.2 Талаптар

Шоғырланған өткізгіштің және оның электр кедергісінің өлшемдері мен физикалық деректері жөніндегі талаптар қолданыстағы нормативтік құжаттармен анықталуға тиіс.

10.3 Қолдану

Шоғырланған өткізгіш талап етілсе, онда ол не тікелей оқшаулау үстінде, не тиісті ішкі қорғаныш жабынының үстінде қолданылуға тиіс.

11 Металл қаптама

11.1 Қорғасын қаптама

Қаптама қорғасыннан немесе қорғасын қорытпасынан тұруға тиіс және барынша тығыз отырғызылған жіксіз түтік ретінде қолданылуға тиіс.

Номинал қалыңдық (1) формуламен есептелуге тиіс:

$$t_{pb} = 0,03\,D_g + 0,7 \qquad (1)$$

мұнда, t_{pb} – қорғасын қаптаманың номинал қалыңдығы, миллиметрмен берілген;

D_g – қорғасын қаптамаға арналған шартты диаметр, миллиметрмен берілген (В қосымшасына сәйкес бірінші ондық белгіге дейін дөңгелектелген).

Барлық жағдайларда ең аз номинал қалыңдық 1,2 мм құрауға тиіс. Есептелген мәндер алғашқы ондық белгіге дейін дөңгелектелуге тиіс (В қосымшасын қараңыз).

11.2 Басқа металл қаптамалар

Қаралуда.

12 Металл сауыт

12.1 Металл сауыттың типтері

Осы стандарт таралатын сауыттың типтері:

a) жалпақ сым сауыт;

b) дөңгелек сым сауыт;

c) екі қабат таспа сауыт.

ЕСКЕРТПЕ Сымның көлденең қимасының 6 мм^2 аспайтын ауданы бар, 0,6/1 (1,2) кВ номинал кернеулі кабельдер үшін мырышталған болат сымнан жасалған өрмелі суыт дайындаушы мен сатып алушы

арасындағы келісім бойынша көзделеді.

12.2 Материалдар

Дөңгелек немесе жалпақ сымдар мырышталған болаттан, мыстан немесе қалайыланған мыстан, алюминийден не алюминий қорытпасынан жасалуға тиіс.

Таспалар болаттан, мырышталған болаттан, алюминийден немесе алюминий қорытпасынан жасалуға тиіс. Болат таспалар тауарлық сапалы ыстықтай немесе суықтай илемделген таспалар болуға тиіс.

Ең өткізгіштіктің сәйкестігі үшін болат сауыттың сым қабаты талап етілген жағдайларда, мыс сымның немесе қалайыланған мыс сымның жеткілікті мөлшерін сауыт қабатына сәйкестік кепілдігі үшін қосуға жол беріледі.

Сауыт материалын таңдау кезінде тек механикалық қауіпсіздік мақсатында емес, сондай-ақ электр қауіпсіздігі мақсатында жемірілудің пайда болу мүмкіндігіне, әсіресе, сауытты экран ретінде пайдалану кезінде ерекше назар аудару керек.

Егер ерекше құрастырылым таңдалмаса ғана, айнымалы ток жүйелерінде пайдалануға арналған бір тінді кабельдердің сауыты беймагниттік материалдан тұруға тиіс.

12.3 Сауытты қолдану

12.3.1 Бір тінді кабельдер

Бір тінді кабельдер болған жағдайда, экструзияланған немесе 7.1.3 не 7.1.4-те көрсетілген қалыңдықпен айқас оралған ішкі қорғаныш жабыны сауыт астында қолданылуға тиіс.

12.3.2 Көп тінді кабельдер

Көп тінді кабельдері болған жағдайда, 7.2.1 бойынша металл таспаларды пайдаланып жасалатын ерекше қолданыстарды қоспағанда, сауыт 7.1 бойынша ішкі қорғаныш жабынында қолданылуға тиіс.

12.3.3 Бөлу қаптамасы

Төменде жатқан металл қабат пен сауыт әртүрлі материалдардан жасалған кезде, олар 13.2 бойынша материалдардың бірінен жасалған экструзияланған қаптамамен бөлінуге тиіс.

Галогенсіз кабельдер үшін бөлгіш қаптама (ST_8) 23-кестеде берілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Қорғасын қаптамалы кабельдер үшін сауыт талап етілген кезде, оны 12.3.4-ке сәйкес айқас жастықша бетіне қолдануға болады.

Егер бөлгіш қаптама пайдаланылса, онда ол ішкі қорғаныш жабынының орнына немесе оған қосымша ретінде сауыт астында қолданылуға тиіс.

Бөлгіш қаптаманың миллиметрмен өрнектелген номинал қалыңдығы, T_s, (2) формула бойынша есептелуге тиіс:

$$T_s = 0{,}02\ D_u + 0{,}6 \qquad (2)$$

мұнда, D_u – А қосымшасына сәйкес есептелген, миллиметрмен берілген, қаптамаға арналған шартты диаметр болып табылады.

Осы формуладан алынған мән 0,1 мм дәлдікпен дөңгелектелуге тиіс (В қосымшасын қараңыз).

Қорғасын қаптамасыз кабельдер үшін номинал қалыңдық 1,2 мм кем құрамауға тиіс. Кабельдер үшін, бөлгіш қаптама қорғасын қаптаманың тікелей бетіне қолданылатын жағдайда, номинал қалыңдық 1,0 мм кем құрамауға тиіс.

12.3.4 Қорғасын қаптамалы кабельдерге арналған сауыт астындағы айқас жастықша

Қорғасын қаптамамен жабылатын компаундқа қолданылатын айқас жастықша не оқшаулаулық сіңірілген және компаундталған қағаз таспалардан немесе оқшаулаулық сіңірілген және компаундталған қағаз таспалардың екі қабатының жиынтығынан тұруға

тиіс, олардан кейін компаундталған талшықты материалдың бір не бірнеше қабаты келеді.

Жастықша материалдарының сіңіргіші битум компаундтардан немесе басқа үлгілік компаундтардан жасалады. Сым сауыт болған жағдайда, осы қосылыстар тікелей сым астында қолданылуға тиіс.

Синтетикалық таспалар оқшаулаулық сіңірілген қағаз таспалардың орнына пайдаланылады.

Сауытты қолданғаннан кейін қорғасын қаптама мен сауыт арасындағы айқас жастықшаның жалпы қалыңдығы шамамен 1,5 мм болуға тиіс.

12.4 Сауыт үшін арналған сымдар мен таспалардың өлшемдері

Сауытқа арналған сымдар мен таспалардың номинал өлшемдері мынадай мәндердің бірінен тұруға тиіс:

Дөңгелек сымдар:

- 0,8; 1,25; 1,6; 2,0; 2,5; 3,15 мм диаметр.

Жалпақ сымдар:

- 0,8 мм қалыңдық.

Болат таспа:

- 0,2; 0,5; 0,8 мм қалыңдық.

Алюминийден немесе алюминий қорытпасынан жасалған таспа:

- 0,5; 0,8 мм қалыңдық.

12.5 Кабельдердің диаметрлері арасындағы корреляция және сауыт өлшемдері

Сауытқа арналған дөңгелек сымның номинал диаметрі және сауытқа арналған таспалардың номинал қалыңдығы 9, 10-шы кестелерде берілген мәндерден кем болмауға тиіс.

9-кесте – Сауытқа арналған дөңгелек сымның номинал диаметрі

Сауытқа арналған шартты диаметр		Сауытқа арналан сымның номинал диаметрі мм
мм жоғары	мм дейін және қоса алғанда	
-	10	0,8
10	15	1,25
15	25	1,6
25	35	2,0
35	60	2,5
60	-	3,15

10-кесте – Сауытқа арналған таспалардың номинал қалыңдығы

Сауытқа арналған шартты диаметр		Таспаның номинал қалыңдығы	
мм жоғары	мм дейін және қоса алғанда	Болат немесе мырышталған болат мм	Алюминий немесе алюминий қорытпасы мм
-	30	0,2	0,5
30	70	0,5	0,5
70	-	0,8	0,8
ЕСКЕРТПЕ Осы кесте жиналған тіндердің тікелей үстіне қолданылатын металл таспалары бар кабельдерге қолданылмайды (7.2.1 қараңыз).			

Сауытқа арналған 15 мм астам шартты диаметрлі суыттарға арналған жалпақ сымдар үшін, жалпақ болат сымның номинал қалыңдығы 0,8 мм құрауға тиіс. Сауыттарға арналған қоса алғанда 15 мм дейін шартты диаметрлі кабельдер жалпақ сымдармен қапталмауға тиіс.

12.6 Дөңгелек немесе жалпақ сым сауыт

Сым сауыт жабық, яғни жақын жатқан сымдар арасындағы саңылау ең аз болуға тиіс. Номинал қалыңдығы 0,3 мм кем емес мырышталған болат таспадан тұратын ашық шиыршық жалпақ болат сым сауытының үстіне және дөңгелек болат сым сауыты үстіне, қажет жағдайда, көзделеді. Осындай болат таспа бойынша шақтамалар 16.7.3-ке сәйкес келуге тиіс.

12.7 Екі қабат таспа сауыт

7.1 бойынша таспа сауыт және ішкі қорғаныш жабыны пайдаланылған кезде, ішкі қорғаныш жабыны таспамен оралған жастықшамен арқаулануға тиіс. Егер сауыт жасауға арналған таспаның қалыңдығы 0,2 мм және плюс 0,8 мм құраса және егер сауыт жасауға арналған таспаның қалыңдығы 0,2 мм асса, ішкі қорғаныш жабынының жалпы қалыңдығы және таспамен қапталған қосымша жастықша 7.1 бойынша плюс 0,5 мм болуға тиіс.

Ішкі қорғаныш жабынының және таспамен қапталған қосымша жастықшаның жалпы қалыңдығы 20 % шақтамамен 0,2 мм артық осы мәндерден кем құрамауға тиіс.

Егер бөлгіш қаптама талап етілсе немесе егер ішкі қорғаныш жабыны экструзияланған болса әрі 12.3.3 талаптарын қанағаттандырса, таспамен оралған қосымша жастықша талап етілмейді.

Таспа сауыт сыртқы таспа ішкі таспа саңылауының үстіне шамамен орталықтандырылатындай етіп екі қабат түрінде шиыршық түрінде қолданылуға тиіс. Әрбір таспаның жақын жатқан орамдары арасындағы саңылау таспа енінің 50 % аспауға тиіс.

13 Сыртқы қаптама

13.1 Жалпы ережелер

Барлық кабельдерде сыртқы қаптама болуға тиіс.

Сыртқы қаптама, әдетте, қара болады, бірақ қара түстен ерекше түс кабель пайдаланылуға тиіс нақты жағдайларда қолданылған жағдайда, ол дайындаушы мен сатып алушы арасындағы келісім бойынша көзделеді.

ЕСКЕРТПЕ Ультракүлгін сәулеге төзімділік қаралуда.

13.2 Материал

Сыртқы қаптама термопластик компаундтан (PVC (поливинилхлорид) не полиэтилен не галогенсіз) немесе эластомер компаундтан (полихлорпропеннен, сульфохлорланған полиэтиленнен немесе ұқсас полимерлерден) тұруға тиіс.

Қаптаманың галогенсіз материалы жалынның аз таралу қасиеттері, түтіннің төмен деңгейде бөлінуін және от әсер еткен кезде газдың галогенсіз бөлінуін көрсететін кабельдерге пайдаланылуға тиіс. Галогенсіз кабельдердің сыртқы қаптамасы (ST_8) 23-кестеде берілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Қаптаманың материалы 4-кестеге сәйкес жұмыс температурасы үшін қолайлы болуға тиіс.

Химиялық қоспалар ерекше мақсаттарға, мысалы, термиттерден қорғауға сыртқы қаптамада пайдалану үшін қажет етіледі, бірақ оларға адамдар және/немесе қоршаған орта үшін зиянды материалдар кірмеуге тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Қажетсіз деп саналатын мысалдарға[1)] мыналар жатады:

Альдрин 1,2,3,4,10,10 – гексахлоро - 1,4,4а,5,8,8а – гексагидро - 1,4,5,8 –диметанонафтален;

Диэльдрин 1,2,3,4,10,10-гексахлоро-6,7-эпокси-1,4,4а,5,6,7,8,8а-октагидро-1,4,5,8-диметанонафтален;

Линдан Гамма изомер 1,2,3,4,5,6-гексахлоро-циклогексан.

[1)] Көзі: Өндірістік материалдардың қауіпті қасиеттері, N.I. Sax, бесінші басылым, Van Nostrand Reinhold, ISBN 0-442-27373-8.

13.3 Қалыңдық

Егер өзгеше көрсетілмесе, миллиметрмен өрнектелген номинал қалыңдық, t_s, (3) формуланың көмегімен есептелуге тиіс:

$$t_s = 0{,}035D + 1{,}0 \quad (3)$$

мұнда, D – миллиметрмен берілген, тікелей сыртқы қаптама астындағы шартты диаметр, (А қосымшасын қараңыз).

Осы формуладан алынған мән ± 0,1 мм дейінгі дәлдікпен дөңгелектелуге тиіс (В қосымшасын қараңыз).

Номинал қалыңдық бір тінді кабельдер үшін 1,4 мм кем құрамауға және көп тінді кабельдер үшін 1,8 мм кем құрамауға тиіс.

14 Сынау шарттары

14.1 Қоршаған ауа температурасы

Егер нақты сынау үшін бөлшектерде өзгеше көрсетілмесе, сынақтар қоршаған ауа температурасында (20 ± 15) °С жүзеге асырылуға тиіс.

14.2 Өнеркәсіп жиілігінің сынақ кернеуі тербелістерінің жиілігі мен нысаны

Айнымалы сынақ кернеуінің жиілігі 49 Гц-тен 61 Гц-ке дейінгі ауқымда болуға тиіс. Тербелістер нысаны айтарлықтай дәрежеде синусоидты болуға тиіс. Берілген мәндер орташа шаршы мәндер болып табылады.

14.3 Импульстік сынақ кернеуі тербелістерінің нысаны

IEC 60230-ға сәйкес импульс толқынында 1 және 5 мкс арасы шегінде импульстің нақты өсу уақыты әрі 40 және 60 мкс арасы шегінде жоғарғы нүкте мәніне дейінгі номинал уақыт болуға тиіс, басқа қарым-қатынастарда IEC 60060-1-ге сәйкес келуге тиіс.

15 Стандартты сынақтар

15.1 Жалпы ережелер

Стандартты сынақтар кабельдің әр құрылыс ұзындығында жүргізіледі (3.2.1-ді қараңыз). Сыналуға тиіс ұзындық мөлшері сапаны бақылау бойынша келісілген әдістемелерге сәйкес азайтылған болуы қажет.

Осы стандартқа сәйкес талап етілетін стандарттық сынақтарға мыналар жатады:

a) сымның электр кедергісін өлшеу (15.2-ні қараңыз);

b) кернеуге сынау (15.3-ті қараңыз).

15.2 Сымның электр кедергісі

Кедергіні өлшеу шоғырлас сымды қоса алғанда, егер ондай бар болса, стандарттық сынақ үшін ұсынылған кабельдің әр ұзындығындағы барлық сымда іске асырылуға тиіс.

Кабельдің толық ұзындығы немесе оның үлгісі сынақ алдында кемінде 12 сағ бойы тұрақты температура сақталуға тиіс сынақ зертханасына орналастырылуға тиіс. Сым температурасы да бөлме температурасындай ма екендігіне қатысты күдік пайда болған жағдайда, кедергі сұйықтықты жылу реттегіш ваннада 1 сағ кем емес уақыт бойы ұсталатын сым үлгісінде өлшенуге тиіс.

Өлшенген кедергі мәні 20 °С температураға және ұзындығы 1 км дейін IEC 60228-де ұсынылған формулалар мен факторларға сәйкес түзетілген болуға тиіс.

20 °С кезінде тұрақты токқа кедергі IEC 60228-ге сәйкес шамамен максималдық мәннен аспауға тиіс. Концентрациялық сымдарға арналған кедергі қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

15.3 Кернеуге сынау

15.3.1Жалпы ережелер

Кернеуге сынау қоршаған орта температурасында өндірістік жиіліктегі ауыспалы кернеу немесе әзірлеушінің қалауынша тура кернеуде іске асырылуға тиіс.

15.3.2 Бір тінді кабельдерге арналған сынақ әдістемесі

Бір тінді экрандалған кабельдерге арналған сынақ кернеуі сым мен металл экран арасында 5 мин бойы қолданылуға тиіс.

Бір тінді экрандалмаған кабельдер бөлме температурасында 1 сағ суға батырылуға тиіс, ал сынақ кернеуі кейін сым мен су арасында 5 мин бойы қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Электр ұшқынын сынау кандай да бір металл қабатсыз бір тінді кабельдер үшін қарастырылады.

15.3.3 Көп тінді кабельдерге арналған сынақ әдістемесі

Жеке экрандалған желілері бар көп тінді кабельдер үшін сынақ кернеуі әр сым мен металл қабат арасында 5 мин бойы қолданылуға тиіс.

Жеке экрандалған желілерсіз көп тінді кабельдер үшін сынақ кернеуі әр оқшауланған сым және барлық басқа сымдар мен егер бар болса, жиынтықты металл қабаттар арасында жүйелі 5 мин бойы қолданылуға тиіс.

Жалғаулар жүйелілігі кернеуді әр сым мен егер қолданылса, металл қабаттар арасында үзіліссіз 5 мин кем емес уақыт бойы қолдануға кепілдік беретін болса, жалпы сынақ уақытын шектеу мақсатында сынақ кернеуін жүйелі қолдану үшін сымдар тиісті түрде жалғанған болуы қажет.

Балама ретінде үш тінді кабельдер үш фазалы трансформаторды пайдалану арқылы бір операцияда сынала алады.

15.3.4 Сынақ кернеуі

Өндірістік жиіліктің сынақ кернеуі 2,5 U_0 + 2 кВ құрауы тиіс. Стандартты қалыптандырылған кернеу үшін бір фазалы сынақ кернеуінің мәні 11-кестеде келтірілген.

11-кесте – Стандартты сынақ кернеуі

Номинал кернеу U_0	кВ	0,6	1,8
Сынақ кернеуі	кВ	3,5	6,5

Егер үш тінді кабель үшін қысымға сынау үш фазалы трансформатормен жүргізілсе, сынақ кернеуі фазалар арасында осы кестеде ұсынылған мәннен 1,73 есе асуға тиіс.

Тұрақты ток кернеуін пайдалану кезінде қолданылатын кернеу өндірістік жиіліктің сынақ кернеуінен 2,4 есе артуы қажет.

Сынақ кернеуінің барлық жағдайларында берілген мәнге дейін біртіндеп артады.

15.3.5 Талап

Ешқандай оқшаулау ойғы болмауға тиіс.

16 Үлгілердегі сынақтар

16.1 Жалпы ережелер

Осы стандартқа сәйкес қажетті үлгілерде сынауға мыналар жатады:

a) сымды зерттеу (16.4-ті қараңыз);

b) өлшемдерді тексеру (16.5 – 16.8-ді қараңыз);

c) EPR, HEPR және XLPE жасалған оқшаулау және эластомер қабықшаларына арналған жылумен оқшаулауға сынау (16.9-ды қараңыз).

16.2 Үлгілерде сынақ жүргізу жиілігі

16.2.1 Сымды зерттеу және өлшемдерді тексеру

Сымды зерттеу, оқшаулау және қабықша қалыңдығын, сонымен қатар жалпы диаметрін өлшеу бірдей типтің өндірістік сериясы және кабельдің номинал қимасының әрқайсысынан бір ұзындықта іске асырылуға тиіс, бірақ ол кез келген байланыстың ұзындық санынан 10 % артыққа дейін шектелуге тиіс.

16.2.2 Физикалық қасиеттерін сынау

Физикалық қасиеттерін сынау сапаны бақылау бойынша келісілген әдістемелерге сәйкес дайындалған кабельдерден алынған үлгілерде жүргізілуге тиіс. Көп тінді кабельдер үшін жалпы ұзындығы 2 км немесе бір тінді кабельдер үшін 4 км асатын байланыстар үшін мұндай келісім болмаған кезде сынақтар 12-кестеге сәйкес іске асырылуға тиіс.

12-кестесі – Оларда сынақ жүргізуге арналған үлгілер саны

Кабель ұзындығы				Үлгілер саны
Көп тінді кабельдер		Бір тінді кабельдер		
Жоғары км	Дейінгіні қоса алғанда км	Жоғары км	Дейінгіні қоса алғанда км	
2	10	4	20	1
10	20	20	40	2
20	30	40	60	3
және т.б.		және т.б.		және т.б.

16.3 Сынақтарды қайталау

Егер үлгі қандай да бір сынақтан өтпесе (16-тарауды қараңыз), бір топтамадан қосымша тағы да екі үлгіні іріктеп алу және бір сынақ немесе бастапқы үлгі өтпеген сынақ үшін ұсыну қажет. Егер қосымша екі үлгі де сынақтан өтсе, топтамадағы барлық кабель осы стандарт талаптарына сәйкес ретінде саналады. Егер екі қосымша үлгінің кез келгені сынақтан өтпесе, олар іріктелген топтама сәкес келмейтін топтама ретінде есептелуге тиіс.

16.4 Сымды зерттеу

IEC 60228 талаптарына сәйкес сым құрылымы мақсатты түрде болған кезде тексеру және өлшеу жүргізілуі қажет.

16.5 Оқшаулау және металл емес қабықтың қалыңдығын өлшеу (экструдирленген бөлгіш қабаттарды қоспағанда, бірақ ішкі экструдирленген қорғаныс қабаттарын қоспағанда)

16.5.1 Жалпы ережелер

Сынақ әдісі IEC 60811-1-1-ге (8-тарауды қараңыз) сәйкес келуге тиіс.

Сынақ үшін таңдалған кабельдің әр ұзындығы брактаудан кейін бір шетінен алынған кабель бөлігімен, қажеттілігіне қарай, бұзылу болған кез келген бөлік ұсынылуға тиіс.

Бірдей номинал көлденең қима сымдармен үшеуден артық желісі бар кабельдер үшін өлшем жүргізілетін желілер саны үшке дейін немесе қайсысы артық екендігіне байланысты 10 % желерге дейін шектелген болуға тиіс.

16.5.2 Оқшаулауға қойылатын талаптар

Кабельдің әр бөлігі үшін В қосымшасына сәйкес 0,1 мм-ге дейін дөңгелектелген өлшенген мәндердің орташасы номинал қалыңдықтан кем болмауға тиіс және ең аз өошенген мән 90 % кем 0,1 мм-ге артық номинал мәнге жетпеуі қажет, яғни:

$$t_m \geq 0,9t_n - 0,1$$

мұнда, t_m – минималдық қалыңдық, миллиметрде;

t_n – номинал қалыңдық, миллиметрде.

16.5.3 Металл емес қабықшаларға қойылатын талаптар

Металл емес қабықшалардың минималдық қалыңдығы 80 % кем 0,2 мм-ге артық номинал мәндерге жетуі қажет, яғни:

$$t_m \geq 0,8t_n - 0,2$$

16.6 Қорғасын қабықшаның қалыңдығын өлшеу

Қорғасын қабаттың минималдық қалыңдығы келесі әдістердің біреуімен, әзірлеушінің қалауы бойынша анықталуы қажет және 0,1 мм артық номинал мәннің 95 %-нан кем болмауы қажет, яғни:

$$t_m \geq 0,95t_n - 0,1$$

16.6.1 Жолақты әдіс

Өлшем диаметрі 4-8 мм, дәлдігі ± 0,01 мм жайпақ шеттері бар микрометрмен жүргізілуге тиіс.

Өлшем дайын кабельден алынған ұзындығы шамамен 50 мм сынақтарға арналған қабат үлгісінде іске асырылуға тиіс. Бөлік бойлайф кесілген және абайлап жайылған болуға тиіс. Үлгіні тазалағаннан кейін қабат айналасы ұзындығына және жайылған бөлік шетінен минималдық қалыңдықты өлшеуді қамтамасыз ету үшін 10 мм кем емес аралықта өлшемдердің жеткілікті саны жүргізілуі қажет.

16.6.2 Сақиналы әдіс

Өлшемдер бір жайпақ шеті және бір дөңгелек шеті бар немесе бір жайпақ шеті және жайпақ тікбұрышты шеті бар, ені 0,8 мм және ұзындығы 2,4 мм микрометрмен іске асырылуға тиіс. Дөңгелек шеті немесе жайпақ тікбұрышты шеті сақинаның ішкі бөлігіне қолданылуы қажет. Микрометр дәлдігі ± 0,01 мм-ді құрауы қажет.

Өлшемдер үлгіден абайлап кесіп алынған сақина қабатта іске асырылған болуға тиіс. Қалыңдық минималдық қалыңдық өлшемін қамтамасыз ету үшін сақина айналасының ұзындығы бойындағы нүктелердің жеткілікті мөлшері болған кезде анықталған болуға тиіс.

16.7 Сауытқа арналған сымдар мен бауларды өлшеу

16.7.1 Сымдарда жүргізілетін өлшемдер

Дөңгелек сымның диаметрі және жайпақ сымның қалыңдығы ± 0,01 мм дәлдікпен екі жайпақ шеті бар микрометр арқылы өлшенуге тиіс. Дөңгелек сымдар үшін бір біріне тік бұрышпен сол күйде екі өлшем іске асырылуға тиіс, ал екі мәннің орташасы диаметр ретінде алынады.

16.7.2 Бауларда жүргізілетін өлшемдер

Өлшемдер ± 0,01 мм дәлдікпен диаметрі шамамен 5 мм екі жайпақ шеті бар микрометрмен іске асырылуға тиіс. Ені 40 мм дейінгіні қоса алғанда, баулар үшін қалыңдық енінің ортасында өлшенгені жөн. Біршама кең баулар үшін өлшемдер әр бау шетінен 20 мм аралықта іске асырылуға тиіс, ал орташа нәтижелер қалыңдық ретінде алынады.

16.7.3 Талаптар

Сауытқа арналған сымдар мен баулардың өлшемдері төмендегілерден артық 12.5-те ұсынылған номинал мәндерден түспеуге тиіс:

- 5 % - дөңгелек сымдар үшін;
- 85 % - жайпақ сымдар үшін;
- 5 % - баулар үшін.

16.8 Сыртқы диаметрін өлшеу

Егер үлгілерде сынақ ретінде кабельдің сыртқы диаметрін өлшеу қажет болса, онда ол IEC 60811-1-1-ге (8-тарауды қараңыз) сәйкес жүргізілуге тиіс.

16.9 EPR, HEPR мен XLPE оқшаулау және эластомер қабықшалар үшін жылу деформациясына сынау

16.9.1 Әдістеме

Үлгілерді іріктеу және сынақ әдістемесі 17 және 22-кестелерде ұсынылған шарттарды қолданумен IEC 60811-2-1-ге (9-тарауды қараңыз) сәйкес жүргізілуге тиіс.

16.9.2 Талаптар

Сынақ нәтижелері EPR, HEPR және XLPE оқшаулау үшін және 22-кестеге сәйкес SE_1 қабықшалары үшін 17-кестеде ұсынылған талаптарға сәйкес келуге тиіс.

17 Типтік сынақтар, электрлік

Ұзындығы 10-15 м дайын кабельдің үлгісі жүйелі қолданылатын келесі сынақтардан өтуге тиіс:

a) қоршаған ауа температурасында оқшаулау кедергісін өлшеу (17.1-ді қараңыз);

b) қалыпты жұмыс кезінде сымның максималды температурасында оқшаулау кедергісін өлшеу (17.2-ні қараңыз);

c) 4 сағ бойы қысымға сынау (17.3-ті қараңыз).

1,8/3 (3,6) кВ номинал кернеу кабельдері де ұзындығы 10 – 15 м дайын кабельдің жеке үлгісінде импульстық сынақтардан өтуге тиіс (17.4-ті қараңыз).

Сынақтар үшеуден артық емеске дейінгі желілермен шектелуге тиіс.

17.1 Қоршаған ауа температурасында оқшаулау кедергісін өлшеу

17.1.1 Әдістеме

Осы сынақ кез келген басқа электрмен сынақ алдында үлгі ұзындығында іске асырылуға тиіс.

Барлық сыртқы жабындар жойылуы және сынақ алдында 1 сағ кем емес қоршаған ауа температурасында суға батырылуы қажет.

Тұрақты токтың сынақ кернеуі 80 В және 500 В шегінде болуға тиіс және жеткілікті тұрақты өлшем үшін жеткілікті уақыт бойы қолданылуға тиіс, бірақ кез келген жағдайда 1 мин кем емес және 5 мин артық емес.

